

"Кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 22 тамыздағы № 661 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 23 тамызда № 19282 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 433 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.08.2020 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Р. Скляр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 22 тамыздағы
№ 661 бұйрығына
1-қосымша

"Кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірлеген.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Көлік комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өтініш беруші жүгінген сәттен бастап – 1 (бір) жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық түрде (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, немесе кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасы, немесе кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақ, немесе кеме ипотекасын тоқтату туралы ақпарат беру, немесе шағын көлемді кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, немесе шағын көлемді кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасы, немесе шағын көлемді кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақ, немесе шағын көлемді кемеңің ипотекасын тоқтату туралы ақпарат беру, немесе кемеңің (жасалып жатқан кемеңің) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, немесе кемеңің (жасалып жатқан кемеңің) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасы, немесе кемеңің (жасалып жатқан кемеңің) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақ, немесе кемеңің (жасалып жатқан кемеңің) ипотекасын тоқтату туралы ақпарат беру, немесе осы стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті берушінің "жеке кабинетіне" жолданады және сақталады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.

Кемеңің, шағын көлемді кемеңің, жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу және кемеңің, шағын көлемді кемеңің, жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру үшін алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 553-бабының 3-тармағына сәйкес мөлшерлеме бойынша жүзеге асырылады.

Алым мөлшері:

- 1) жеке тұлғалар үшін – 1 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);
- 2) заңды тұлғалар үшін – 5 АЕК;
- 3) құжаттың телнұсқасын беру үшін – 0,5 АЕК құрайды.

Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін

бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің ата-анасының бірі, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін репатрианттар (оралмандар) кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін алымды төлеуден босатылады.

Төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

8. Жұмыс кестесі:

1) порталда – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушының жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс күндері және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі мен жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден сағат 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, немесе кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын, немесе шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, немесе шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын, немесе кеменің (жасалып жатқан кеменің) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, немесе кеменің (жасалып жатқан кеменің) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған нысан бойынша өтініш (көрсетілетін қызметті алушыға қажет мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне байланысты);

осы шартта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен қоса кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасы туралы шарттың электрондық көшірмесі;

2) кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақты, немесе шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақты, немесе кеменің (жасалып жатқан кеменің) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақты алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған нысан бойынша өтініш (

көрсетілетін қызметті алушыға қажет мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне байланысты);

осы шартта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен қоса кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасы туралы шартқа қосымша келісімнің электрондық көшірмесі;

3) кеме ипотекасын тоқтату туралы ақпаратты, немесе шағын көлемді кеменің ипотекасын тоқтату туралы ақпаратты, немесе кеменің (жасалып жатқан кеменің) ипотекасын тоқтату туралы ақпаратты алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған нысан бойынша өтініш (көрсетілетін қызметті алушыға қажет мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне байланысты);

кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасын өтеу туралы анықтаманың электрондық көшірмесі.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-4-бабында көзделген тәртіппен операция жүзеге асырылған жағдайда, өтінішке активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарттың, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның активтер мен талап ету құқықтарын иеленуін көздейтін шарттың, (тапсыру актісін немесе одан үзінді-көшірме қоса беріле отырып), талап ету құқығын басқаға беру туралы талапты қамтитын шарттың нотариат куәландырған көшірмесі қоса беріледі.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелерде қамтылатын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

10. Мемлекеттік қызметті беруден бас тарту негіздері:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 212-бабының немесе Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 51 бұйрығымен бекітілген Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларының

(Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10400 болып тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13 және 14-тармақтарында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе Министрліктің басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы, порталға не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Қажетті жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті беруші көрсеткен сапасыз мемлекеттік көрсетілетін қызметті растайтын құжаттар шағымға қоса беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегін және аты-жөнін, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті

берушінің өтінішті өңдеуі (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі жасау, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымданады.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін есепке ала отырып өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.miid.gov.kz интернет-ресурсында, Көлік комитеті бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет" кіші бөлімінде орналастырылған.

14. Министрліктің мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық пошта мекенжайы: miid@miid.gov.kz, (8-7172) 98-33-11 телефоны немесе Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің блогына (www.miid.gov.kz мекенжайы бойынша Министрліктің интернет-ресурсының "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің блогы" парағы).

15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда алады.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Кеменің, шағын көлемді
кеменің, жасалып жатқан
кеменің ипотекасын мемлекеттік
тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша
1 нысан
Қазақстан Республикасы

Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрлігі Көлік комитетінің

облысы (қаласы) бойынша
аумақтық органының басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар
болған кезде) (бұдан әрі –
Т.А.Ә.))

(көрсетілетін қызметті алушы
туралы мәліметтер жеке
тұлғалардың мемлекеттік дерек
қорынан (бұдан әрі – ЖТ
МДҚ)/Заңды тұлғалардың
мемлекеттік дерек қорынан
(бұдан әрі - ЗТ МДҚ) автоматты
түрде тартылады))

Өтініш

Сізден _____

тиесілі кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті/кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын/кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парак/кеме ипотекасы тоқтатылған кезде туралы ақпарат беруді (қажетін белгілеу) сұраймын.

Кемені сәйкестендіретін деректер (кеменің атауы, тіркеу нөмірі, тіркеу орны, тіркелу нөмірі, кеменің үлгісі мен класы, тоннажы) _____

Ипотеканың кепіл берушісінің аты мен мекенжайы _____

Ипотеканың кепіл ұстаушысының аты мен мекенжайын немесе оның ұсынушыға белгіленгені туралы мәліметтер _____

Екі немесе одан да көп кемеге ипотека белгілеген кезде ипотекамен қамтамасыз етілген міндеттемелердің ең жоғары мөлшері; тараптардың бұл туралы келісімі болған кезде, міндеттемемен жеке-жеке әрбір кеме қамтамасыз етілетін мөлшер _____

Кеме ипотекасының аяқталу күні _____

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20 __ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

2 нысан
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрлігі Көлік комитетінің

облысы (қаласы) бойынша
аумақтық органының басшысы

(Т.А.Ә.)

(көрсетілетін қызметті алушы
туралы мәліметтер ЖТ МДҚ/ЗТ
МДҚ-дан автоматты түрде
тартылады)

Өтініш

Сізден _____

тиесілі шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті/шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын/шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парак/ шағын көлемді кеме ипотекасы тоқтатылған кезде туралы ақпарат беруді (қажетін белгілеу) сұраймын.

Шағын көлемді кемені сәйкестендіретін деректер (тіркеу нөмірі, кеменің үлгісі)

Ипотеканың кепіл берушісінің аты мен мекенжайы _____

Ипотеканың кепіл ұстаушысының аты мен мекенжайын немесе оның ұсынушыға белгіленгені туралы мәліметтер

Екі немесе одан да көп шағын көлемді кемеге ипотека белгілеген кезде ипотекамен қамтамасыз етілген міндеттемелердің ең жоғары мөлшері; тараптардың бұл туралы келісімі болған кезде, міндеттемемен жеке-жеке әрбір кеме қамтамасыз етілетін мөлшер

Шағын көлемді кеме ипотекасының аяқталу күні _____

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20__ жылғы " __ " _____

3 нысан
Порттың теңіз әкімшілігінің
басшысына

(Т.А.Ә.)

(көрсетілетін қызметті алушы
туралы мәліметтер ЖТ МДҚ/ЗТ
МДҚ-дан автоматты түрде
тартылады)

Өтініш

Сізден кеменің (жасалып жатқан кеменің) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті/кеменің (жасалып жатқан кеменің) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын/кеменің (жасалып жатқан кеменің) мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парак/кеменің (жасалып жатқан кеменің) тоқтатылған кезде туралы ақпарат беруді (қажетін белгілеу) сұраймын.

Кеменің атауы _____

Кеменің тіркелген порты немесе орны _____

Кеменің тіркелген нөмірі _____

Кеменің үлгісі және сыныбы _____

Кеменің тоннажы _____

Кемені жасау жүзеге асырылып жатқан орын _____

Кеменің жасалу нөмірі _____

Кеменің үлгісі _____

Кильдің ұзындығы және басқа да негізгі өлшемдер _____

Кеменің тізілімдік нөмірі _____

Кепіл берушінің аты және мекенжайы _____

Ипотекаға кепіл ұстаушының аты мен мекенжайы немесе оның ұсынушыға белгіленгені туралы мәліметтер

Ипотекамен қамтамасыз етілген міндеттеменің ең жоғары мөлшері _____

Екі немесе одан астам кемеге не жасалып жатқан кемелерге ипотеканы белгілеген кезде - тараптардың ол туралы келісімі болған кезде міндеттемені жеке алғанда әрбір кеме қамтамасыз ететін мөлшер

Кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасының аяқталу күні _____

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20__ жылғы " __ "

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 51 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10400 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

орыс тіліндегі мәтіндегі 4-тармаққа өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

13-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) экипажсыз (бербоут-чартер) кеме жалдау шарты;

мынадай мазмұндағы екенші бөлікпен толықтырылсын:

Шетел кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімін алу үшін қажетті құжаттар көшірмелері бар түпнұсқаларда ұсынылады. Құжаттардың төлнұсқалары көшірмелермен салыстырып тексерілгеннен кейін өтініш берушіге қайтарылады.";

15-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат қоса берілуі тиіс (өтінішті "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы берген жағдайда www.egov.kz төлем "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берген кезде ұсынылады, "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады).";

15-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15-2. Банктер және банк қызметі туралы Заңының 5-1-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында, 61-4-бабында көзделген операцияны жүргізу кезінде кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

1) активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарт, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға

маманданатын ұйымның активтер мен талап ету құқықтарын сатып алуын көздейтін шарт (тапсыру актісі немесе одан үзінді-көшірме қоса беріле отырып), талап ету құқықтарын (талаптарын) басқаға беру туралы талапты қамтитын шарт ;

2) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат (Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш берген жағдайда, портал арқылы өтініш берген кезде беріледі, төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылады).";

16-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кемені жалдау шарты;"

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Кеме ипотекасын аумақтық бөлімше осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепіл берушінің өтініші негізінде кемеге меншік құқығы мемлекеттік тіркелгеннен кейін портал арқылы тіркейді.

Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке осындай шартта көрсетілген құжаттардың көшірмелері бар кеменің ипотекасы туралы шарттың электрондық көшірмесі қоса беріледі.

Кеменің ипотекасы мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күні тіркеледі.

Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың 18-тармағының 1), 2) 3) және 4) тармақшаларының талаптарына сәйкес ұсынылады.";

31-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру мерзімі өтінішті берген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.";

35, 36, 37 және 38-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақты аумақтық бөлімше осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепіл берушінің өтініші негізінде портал арқылы береді. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақты беру мерзімі өтініш берілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

Өтінішке кеменің ипотекасы туралы шартқа осындай қосымша келісімде көрсетілген құжаттардың көшірмелері бар қосымша келісімнің электрондық көшірмесі қоса беріледі.

36. Кеменің кепіл берушісі кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда, аумақтық бөлімше осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес кепіл берушінің өтініші бойынша портал арқылы куәліктің телнұсқасын береді. Куәліктің телнұсқасын беру мерзімі 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру туралы өтініште осы Қағидалардың 29-тармағында көзделген мәліметтер көрсетіледі.

37. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша кеме ипотекасы тоқтатылған кезде аумақтық бөлімше осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес кепіл берушінің өтініші бойынша портал арқылы кеме ипотекасының тоқтатылуы туралы ақпарат береді. Кеменің ипотекасын тоқтату туралы ақпаратты беру мерзімі 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

Ақпаратта кеме ипотекасының тоқтатылуы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Аумақтық бөлімше Мемлекеттік кеме тізіліміне кеме ипотекасының тоқтатылуы туралы жазба енгізеді.

38. Кеменің иесі Кеме куәлігін жоғалтқан жағдайда аумақтық бөлімше осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кеме иесінің өтініші бойынша көрсетілген куәліктің телнұсқасын береді. Өтінішке көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат қоса беріледі (Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш берген жағдайда, портал арқылы өтініш берген кезде төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылады).";

68-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым сомасының төленгенін растайтын құжат (Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш берген жағдайда, портал арқылы өтініш берген кезде беріледі, төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылады).";

82-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) шағын көлемді кемені қайта тіркегені үшін бюджетке алым сомасының төленгенін растайтын құжатты қоса бере отырып жүргізіледі (Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш берген жағдайда, портал арқылы өтініш берген кезде беріледі, төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылады);";

90-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"90. Шағын көлемді кеменің ипотекасын аумақтық бөлімше осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес шағын көлемді кеме меншік құқығы мемлекеттік тіркелгеннен кейін кепіл берушінің өтініші негізінде шағын көлемді кеме тіркелген сол кеме кітабында портал арқылы тіркейді.

Шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке осындай шартта көрсетілген құжаттардың көшірмелері бар шағын көлемді кеменің ипотекасы туралы шарттың электрондық көшірмесі қоса беріледі.

Шағын көлемді кеменің ипотекасы мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күні тіркеледі.

Шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл туралы кеме құжаттарына қандай да бір жазбалар енгізу талап етілмейді.

Шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу мерзімі өтініш берілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнін құрайды және осы Қағидаларға 17-

қосымшаға сәйкес шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берумен куәландырылады.";

91-тармақтың төртінші және бесінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақты аумақтық бөлімше осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепіл берушінің өтініші негізінде портал арқылы береді. Шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақтың беру мерзімі өтініш берген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

Өтінішке шағын көлемді кеменің ипотекасы туралы шартқа қосымша көрсетілген құжаттардың көшірмелері бар қосымша келісімнің электрондық көшірмесі қоса беріледі.";

92 және 93-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"92. Кеменің кепіл берушісі шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда, аумақтық бөлімше осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес кепіл берушінің өтініші бойынша портал арқылы куәліктің телнұсқасын береді. Куәліктің телнұсқасын беру мерзімі 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

93. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша шағын көлемді кеменің ипотекасы тоқтатылған кезде аумақтық бөлімше осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес кепіл берушінің өтініші бойынша портал арқылы шағын көлемді кеменің ипотекасын тоқтату туралы ақпарат береді. Шағын көлемді кеменің ипотекасын тоқтату туралы ақпаратты беру мерзімі 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

Ақпаратта шағын көлемді кеменің ипотекасын тоқтату туралы мәліметтер көрсетіледі.

Аумақтық бөлімше кеме кітабына шағын көлемді кеменің ипотекасының тоқтатылуы туралы жазба енгізеді."

2. "Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 165 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11125 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

35-1 және 35-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"35-1. Кеменің (жасалып жатқан кеменің) ипотекасы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 61-4-бабында көзделген тәртіппен операция жүзеге асырылған жағдайда, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйымның пайдасына құқықтарды (талаптарды) берген кезде кепіл ұстаушының www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берілетін өтініші негізінде тіркеледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайда, кемең (жасалып жатқан кемең) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарттың (тапсыру актісін немесе одан үзінді көшірмені қоса бере отырып), талап ету құқығын басқаға беру туралы шарттың электрондық көшірмесі қоса беріледі.

35-2. Кемең (жасалып жатқан кемең) ипотекасы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-4-бабында көзделген тәртіппен операция жүзеге асырылған жағдайда, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер және өзге де заңды тұлғалардың активтер мен (талап ету) құқықтарын екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымға берген кезде кепіл ұстаушының www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берілетін өтініші негізінде тіркеледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайда, кемең (жасалып жатқан кемең) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарттың, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның активтер мен талап ету құқықтарын иеленуін көздейтін шарттың (тапсыру актісін немесе одан үзінді-көшірме қоса беріле отырып), талап ету құқығын басқаға беру туралы талапты қамтитын шарттың электрондық көшірмелері қоса беріледі.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу, кеме ипотекасы туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рәсімделген Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақтарды қоса беру арқылы жүзеге асырылады.

Кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақта кеме ипотекасы туралы шартқа қосымша келісімнің нөмірі мен жасалған күні, сондай-ақ кеме ипотекасы туралы шартқа енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулардың қысқа сипаттамасы көрсетіледі.

Кепіл берушіні және (немесе) борышкерді ауыстырған кезде, егер борышкер кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасы туралы шарт бойынша кепіл

беруші болып табылмаса, Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақта жаңа кепіл берушінің және (немесе) борышкердің деректері (атауы) және тұрғылықты жері, сондай-ақ жаңа кепіл берушінің қойған қолы көрсетіледі.

Кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақ кеме ипотекасы туралы шартқа өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін кепіл берушінің www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берілетін өтініші негізінде беріледі.

Өтінішке кеме ипотекасы туралы шартқа қосымша келісімнің электрондық көшірмесі осындай қосымша келісімде көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерімен қоса беріледі."

3. "Ішкі су көлігі саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 556 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11369 болып тіркелген, 2015 жылғы 7 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

1-тармақтың 4) және 5) тармақшалары алынып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде жалға алынған ішкі суда жүзетін кемелерді және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

9-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) кемеңі жалға алу шарт;"

4. "Сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 558 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11354 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

1-тармақтың 1) тармақшасы алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 22 тамыздағы
№ 661 бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 23 қаңтардағы

51 бұйрығына

4-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрлігі Көлік комитетінің

облысы (қаласы) бойынша
аумақтық органының басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар
болған кезде) (бұдан әрі –
Т.А.Ә.))

(көрсетілетін қызметті алушы
туралы мәліметтер жеке
тұлғалардың мемлекеттік дерек
қорынан (бұдан әрі – ЖТ
МДҚ)/Заңды тұлғалардың
мемлекеттік дерек қорынан
(бұдан әрі - ЗТ МДҚ) автоматты
түрде тартылады))

Өтініш

Сізден _____

тиесілі кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті/кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын/кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парак/кеме ипотекасы тоқтатылған кезде туралы ақпарат беруді (қажетін белгілеу) сұраймын.

Кемеңі сәйкестендіретін деректер (кемеңің атауы, тіркеу нөмірі, тіркеу орны, тіркелу нөмірі, кемеңің үлгісі мен класы, тоннажы) _____

Ипотеканың кепіл берушісінің аты мен мекенжайы _____

Ипотеканың кепіл ұстаушысының аты мен мекенжайын немесе оның ұсынушыға белгіленгені туралы мәліметтер _____

Екі немесе одан да көп кемеге ипотека белгілеген кезде ипотекамен қамтамасыз етілген міндеттемелердің ең жоғары мөлшері; тараптардың бұл туралы келісімі болған кезде, міндеттемемен жеке-жеке әрбір кеме қамтамасыз етілетін мөлшер

Кеме ипотекасының аяқталу күні _____

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20__ жылғы " __ " _____

Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 22 тамыздағы
№ 661 бұйрығына
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 23 қаңтардағы
№ 51 бұйрығына
5-қосымша
Нысан

Сериясы/Серия хх № xxxxxxxx
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КЕМЕНІҢ ИПОТЕКАСЫН МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК
СВИДЕТЕЛЬСТВО

О ГОСУДАРСТВЕННОЙ РЕГИСТРАЦИИ ИПОТЕКИ СУДНА

20 ___ жылғы " ___ " _____ № ___ год

Мемлекеттік кеме тізіліміне 20 ___ жылғы " ___ " _____ № ___
енгізілген деректер негізінде осы арқылы кемесінің ипотекасын
мемлекеттік тіркеу куәландырылады. _____

(кеменің атауы)

На основании данных, внесенных в Государственный судовой реестр
под № ___ от " ___ " _____ 20__ г., настоящим удостоверяется
государственная регистрация ипотеки судна _____

(наименование судна)

Кеменің ипотекасы нысанасының сипаттамасы

Описание предмета ипотеки судна _____

(кеменің ипотекасы шартының деректемелері)

(реквизиты договора ипотеки судна)

Кепіл беруші

Залогодатель _____

(басқару органының атауы, орналасқан жері, мекенжайы)

(заңды тұлғалар үшін); тегі, аты

(наименование, местонахождение, адрес органа, управления)

(для юридических лиц); фамилия, имя

әкесінің аты, азаматтығы, толық мекенжайы (жеке тұлғалар үшін),
сондай-ақ телефон, факс,
имя, отчество, гражданство, полный адрес (для физических лиц),
а также телефон, факс, телекс

телекс (электрондық почта)
(электронная почта)

Кепіл ұстаушы

Залогодержатель _____

(басқару органының атауы, орналасқан жері, мекенжайы (заңды тұлғалар үшін);

(наименование, местонахождение, адрес органа, управления (для юридических лиц);

тегі, аты, әкесінің аты, азаматтығы, толық мекенжайы (жеке тұлғалар үшін),
фамилия, имя, отчество, гражданство, полный адрес (для физических лиц), а
также

сондай-ақ телефон, факс, телекс, электрондық почта)
телефон, факс, телекс, электронная почта)

Кеме ипотекасымен қамтамасыз етілген міндеттеменің ең көп мөлшері
Максимальный размер обязательства, обеспеченный ипотекой судна

Кеме ипотекасының аяқталу күні

Дата окончания ипотеки судна _____

Ерекше белгілер

Особые отметки _____

Кеме туралы мәліметтер

Сведения о судне _____

1. Кеменің үлгісі және мақсаты

Тип и назначение судна _____

2. Тіркеу орны

Место регистрации _____

3. Жасалған орны мен уақыты

Место и время постройки _____

4. Басты мөлшерлер:

Главные размеры:

Ұзындығы Ені Бортының биіктігі

Длина _____ Ширина _____ Высота борта _____

5. Сыйымдылығы Жалпы Таза

Вместимость: _____ Валовая _____ Чистая _____

Осы Куәлік Көлік комитетінің аумақтық органы берді

Настоящее свидетельство выдано территориальным органом Комитета транспорта

20 _____ ж./г. " _____ "

(күні/дата) (айы/месяц)

Көлік комитеті

_____ аумақтық органының басшысы/

(қолы/подпись) (аты-жөні/Ф.И.О) Руководитель

территориального органа

Комитета транспорта

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 22 тамыздағы
№ 661 бұйрығына
5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 23 қаңтардағы
№ 51 бұйрығына
16-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрлігі Көлік комитетінің

_____ облысы (қаласы) бойынша
аумақтық органының басшысы

(Т.А.Ә.)

(көрсетілетін қызметті алушы
туралы мәліметтер ЖТ МДҚ/ЗТ
МДҚ-дан автоматты түрде
тартылады)

Өтініш

Сізден _____

тиесілі шағын көлемді кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті/шағын көлемді кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын/шағын көлемді кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақ/ шағын көлемді кеме ипотекасы тоқтатылған кезде туралы ақпарат беруді (қажетін белгілеу) сұраймын.

Шағын көлемді кемеңі сәйкестендіретін деректер (тіркеу нөмірі, кемеңің үлгісі)

Ипотеканың кепіл берушісінің аты мен мекенжайы _____

Ипотеканың кепіл ұстаушысының аты мен мекенжайын немесе оның ұсынушыға белгіленгені туралы мәліметтер

Екі немесе одан да көп шағын көлемді кемеге ипотека белгілеген кезде ипотекамен қамтамасыз етілген міндеттемелердің ең жоғары мөлшері; тараптардың бұл туралы келісімі болған кезде, міндеттемемен жеке-жеке әрбір кеме қамтамасыз етілетін мөлшер

Шағын көлемді кеме ипотекасының аяқталу күні _____

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20__ жылғы " __ " _____